

**Дөңгілағаш ауылының негізгі орта мектебінің  
тамақтандыру сапасын тексеру  
комиссиясының отырысының  
№1 Хаттамасы**

2022 жылғы 27 қыркүйек

Қатысқандар: 10 адам

**Күн тәртібі**

2022-2023 оқу жылына мектеп асханасының Дөңгілағаш ауылының негізгі орта мектебінің оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру. Ыстық тамақтың сапасын бақылау

Тыңдалды:

1. Дөңгілағаш а.НОМ директоры Б.М.Касаинова қатысушыларды мектеп асханасында оқушыларды тамақтандыру 1-сыныптың 4 оқушысы және әр түрлі санаттағы 8 оқушы жалпы білім беру қорының есебінен, ал қалған оқушылары ата-аналар есебінен ұйымдастырылатыны туралы айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Ж.Касаинова кеңестің шешімі бойынша азық-түлікпен қамтамасыз ететін болды.

Мектепте тамақ сапасын мониторингілеу комиссиясы жұмыс істейді. Комиссия үнемі асхананың жағдайымен тамақтың сапасына бақылау жүргізіп отыратыны туралы айтылды. Мектеп асханасында екі бракераж журналы жүргізіліп азық-түліктің сапасын бақылауға алынатыны айтылды.

2. Комиссия мүшелері құрылған кезекшілік кестесі бойынша айына 1 рет әкелінетін азық-түліктің сапасын және күнделікті дайындалатын тамақтың сапасын бақылайды.

Тексеру мақсаты: азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын бақылау, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Мектеп асханасында 1 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 аспазшы, 1,25 ставкасымен жұмыс жасайды.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың қызметкерінде бар. Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен аз қамтылған отбасы балалары осы оқу жылында жоқ. Барлық оқушылар ата-аналар есебінен тамақтанады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Ж.Касаинов азық-түлік сертификаттарын ұсынды. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді.

Ас ішу блогында 1 тоңазытқыш бар, оларда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стелаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Мектеп медбикесі бракераж

журналын күн сайын толтырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалады.

### **Шешімі:**

1.Бракераж комиссиясының төрайымы

1.1. оқушылардың тамақтандыруын ұйымдастыру барысында өндірістік бақылауды қамтамасыз ету,анықталған кемшіліктер бойынша уақытылы іс-шара қолдану.

2.Бракераж комиссиясының мүшелеріне

2.1.мектептің бракеражды комиссияның отырыстарында тамақтану бойынша туындаған мәселелерді үнемі қарастырып отыру, сонымен қатар СанПин талаптарының орындалуының, сальмонеллез, ішек инфекцияларының алдын алу шараларын, оқушылардың жеке бас гигиенасын сақталуын қарастыру.

Бракераж комиссиясының

төрайымы \_\_\_\_\_

Хатшы:

**Дөңгілағаш ауылының негізгі орта мектебінің  
тамақтандыру сапасын тексеру  
комиссиясының отырысының  
№2 ХАТТАМАСЫ**

17.01.2023 жыл

Қатысқандар: Мектеп басшысы, бракераж комиссия мүшелері.

**Күн тәртібі:**

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруға әзірленген астың сапасы.

**Тыңдалды:**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Т.Калиева қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы. Азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

1. Бірінші мәселе бойынша: Комиссия мүшесі медицина қызметкері Ж.Е.Рахимова мектеп асханасында 1 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 аспазшы жұмыс жасайды деді.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың қызметкерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза, тазалығы үнемі қадағалануда деді.

Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен аз қамтылған отбасы балалары біздің мектепте осы оқу жылында жоқ. Мектеп оқушыларының барлығы ата – аналар жарнасы есебінен тамақтанады.

2. Екінші мәселе бойынша: У.А.Кайырбекова өз сөзінде асханаға әкелінетін азық-түліктің барлығында сертификаттарының бар екенін анықтағаны жөнінде айтты. Шағын орталық балаларына қосымша витаминді жеміс, көкөніс әкелінетіні жайында айтып өтті. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді.

Ас әзірлеу блогында 1 тоңазытқыш бар, онда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас әзірлеу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стеллаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Комиссия мүшелері бракераж журналына күн сайын толтырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын айтты.

## **Шешімі:**

1. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:

Б.М.Касаинова

Хатшы: